

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 мамырдағы N 873. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.12.04. N 1698 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377_ жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылыми министрлігі - Ғылым академиясы туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 шілдедегі N 941 P960941_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 32, 297-құжат);

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми орталықтарының қызметі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 желтоқсандағы N 1668

P961668_

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістердің 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 511-құжат).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 23 мамырдағы

N 873 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым
академиясы (Ғылыммині - Ғылым академиясы) туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы (бұдан әрі - Ғылыми министрлігі - Ғылыми академиясы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамындағы ғылым мен техника, жоғары білікті ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы, аэроғарыш қызметі, атом энергиясын пайдалану және Қазақстан Республикасында ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган болып табылады. Қолданылып жүрген заңдарда көзделген шектерде Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы осы мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы - іргелі және қолданбалы зерттеулер, жоғары білікті ғылыми мамандар даярлау мен әзірлеу, елдің ғылыми-техникалық инфрақұрылымын жасау жөніндегі жоғары ғылыми-үйлестіру және әдістемелік орган. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдылықтарына сәйкес мемлекеттік тапсырысшы бола отырып, мемлекеттік ғылыми сараптама мен ғылыми зерттеулердің нәтижелерін мемлекеттік қабылдауды міндетті түрде жүргізе отырып, іргелі және қолданбалы зерттеулерді конкурстық негізде қаржыландыруды жүзеге асырады.

2. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге нормативтік құқықтық құжаттарға, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының аппаратын ұстауға кететін шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте көзделген қаржының есебінен жүргізіледі.

4. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы заңды тұлға болып табылады,

оның банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген әрі қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

II. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

6. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының негізгі міндеттері мыналар
б о л ы п т а б ы л а д ы :

мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу
;

мемлекеттік ғылыми-техникалық саласын басқарудың барлық субъектілерінің қызметіне басшылық жасау және елдің ғылыми-техникалық дамуына қатысты мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

республикадағы ғылым мен техниканың дамуын болжау, ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарын айқындау, республика және аймақтар ауқымында әрі ғылыми-техникалық мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

елдің ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту, ұтымды орналастыру мен тиімді
п а й д а л а н у ;

ғылым мен техниканың басым бағыттары бойынша республикалық, халықаралық және басқа да ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру
м е н і с к е а с ы р у ;

ғылымды дамытудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;
қазіргі заманғы есептеу құралдары мен ақпараттық технологиялар негізінде ғылым мен мемлекеттік басқару органдарының ақпараттық инфрақұрылымын
ж а с а у ;

бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылым мекемелері жүйесін оңтайландыру, ғылыми-техникалық сала объектілерін жекешелендіру жөнінде
ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у ;

аэроғарыш қызметі мен атом энергиясын пайдалану саласындағы
ж ұ м ы с т а р д ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау мен аттестациялау;
ғылыми-техникалық кәсіпкерлік пен инновациялық қызметтің дамуына қажетті жағдай жасау, ғылыми-техникалық өнім нарығын қалыптастыру;

ғылыми-интеллектуалдық меншікті қорғау жүйесін жетілдіруге қатысу;
мемлекеттік органдардың ғылым мен техниканы дамыту, жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау мен аттестациялау мәселелеріндегі қызметіне
ә д і с т е м е л і к б а с ш ы л ы қ ж а с а у ;

елдегі экологиялық жағдайда жақсартуға ғылымның үлесін арттыру;
ғылымның, ғылыми қызметкерлердің мәртебесін көтеру, оларды әлеуметтік

қ о р ғ а у .

7. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы өзіне жүктелген міндеттерге с ә й к е с :

елдің ғылыми-техникалық әлеуетінің ахуалы мен даму серпініне, іс жүзінде қолданылуын қоса алғанда, зерттеулер мен әдістемелердің нәтижелілігіне талдау ж а с а й д ы ;

елдің ғылыми-техникалық дамуына кететін шығындарды негіздейді және бөлінген бюджеттік қаражаттың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

іргелі және қолданбалы ғылыми-техникалық зерттеулер бағдарламаларын мемлекеттік ғылыми сараптама жүргізе отырып, конкурстық негізде қ а р ж ы л а н д ы р а д ы ;

ғылыми-техникалық саладағы мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар мен индикативтік жоспарларды әзірлеуге қатысады;

ғылыми-техникалық салаға шетел несиелері мен инвестицияларын тарту мен пайдалану жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді;

кәсіпкерлікке қолдау көрсетеді, ғылым мен техника саласындағы шағын және орташа бизнестің дамуына жәрдемдеседі;

ғылыми-техникалық салада заңдарды қолдану тәжірибесін талдап, қорытындылайды, оны жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізеді;

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың орындаушылары болып табылатын, ұлттық ғылыми орталықтары, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, салалық және басқа да ғылыми ұйымдары жүргізетін ғылыми, конструкторлық және технологиялық жұмыстарды үйлестіреді;

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге орталық атқарушы органдарға өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ғылыми-әдістемелік көмек к ө р с е т е д і ;

ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін жетілдіреді, ғылыми-техникалық салада ұлттық ақпараттық ресурсты, оның ішінде Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасының Республикалық патент қорын қалыптастырады;

мемлекеттік басқару органдарын информатизациялау бағдарламалары мен ж о б а л а р ы н к е л і с е д і ;

жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау мен аттестациялауды әзірлейді ж ә н е жү р г і з е д і ;

"Байқоңыр" ғарыш айлағының, Семей ядролық сынақ полигонының объектілерін және республиканың басқа да ғылыми-техникалық кешендерін

тиімді пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыруды үйлестіреді;
ғылым мен техника саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге
а с ы р а д ы ;

Үкіметтің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық
ш а р т т а р ы н а қ о л қ о я д ы ;

ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттайды, ғылыми еңбектерді
басып шығаруға қолдау жасайды, халықаралық және республикалық съездер,
сессиялар, конференциялар, семинарлар, кеңестер, көрмелер өткізеді;

ведомстволық бағынысты ұйымдарда патенттік-лицензиялық жұмысты
ұйымдастырады және жетілдіреді;

қоршаған ортаны қорғау бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуге қатысады;
ғылыми мен техниканы дамытуға аса зор үлес қосқан ғалымдар мен
мамандарға, сондай-ақ дарынды жас ғалымдарға мемлекеттік қолдау көрсету
ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е й д і ;

өзіне заңдар, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі жүктеген
өзге де функцияларды жүзеге асырады.

8. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының өзіне жүктелген мәселелерді
жүзеге асыру және міндеттерді орындау кезінде мынадай құқықтары болады:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және өз құзыретінің шегінде
ғылыми-техникалық саланың барлық ұйымдарының орындауы үшін міндетті
нұсқаулар беру және нормативтік құқықтық актілер шығару;

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының құзыретіне кіретін мәселелерді
шешу үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан ұйымдар мен лауазымды
адамдардан белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдық-құқықтық нысанына
қарамастан ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың
орындаушыларының қаржы қаражаттарын мақсатқа сай пайдалануына бақылау
мен қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ қажет болған жағдайларда қолданылып
жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тарту;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік меншіктегі мүлікке иелік ету, пайдалану
ж ө н е б и л і к е т у ;

ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру мен тарату
мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен шешімдер қабылдау;

ғылыми-техникалық сала объектілерін жекешелендіру жөнінде ұсыныстар
е н г і з у ;

заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындардың
құрылтайшысы болу, олардың жарғыларын бекіту, басшыларын тағайындау,
оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі функцияларын жүзеге
а с ы р у ;

ғылыми-техникалық салада заңдарда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша лицензиялауды жүзеге асыру;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге орталық атқарушы органдар мен ұйымдардың тапсырыстары бойынша жобалар мен бағдарламалардың ғылыми-техникалық бөлігіне мемлекеттік сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық деңгейде мемлекет мүддесін білдіру;

ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан ұйымдардың өкілдерін Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы құратын сараптама комиссияларындағы, жұмыс топтары мен уақытша шығармашылық ұжымдарындағы жұмысқа белгіленген тәртіппен тарту;

аса зор ғылыми жетістіктері үшін ғалымдарға заңдарда белгіленген тәртіппен Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының сыйлықтары мен стипендияларын тағайындау;

III. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының қызметін ұйымдастыру

9. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясын Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті басқарады, оны "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығы шыққанға дейінгі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының және Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының мүшелерінің келісімімен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары - вице-министрі болады.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ сөйлеммен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.06.13. N 972 қаулысымен. Р970972_

10. Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жұмысына басшылық жасайды және Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

11. Осы мақсаттарда Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының президенті:

орталық аппараттық құрылымы жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді, штат кестесін және оны ұстауға шығыстар сметасын тиісті кезеңге бекітілген қаржы шегінде бекітеді;

өз орынбасарының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының департаменттері директорларының, басқа қызметкерлерінің өкілеттік шеңберін белгілейді;

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының қызметкерлерін, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жұмыс регламентін, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының бөлімшелері туралы ережелерді, лауазымдық біліктілік талаптарын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылтай құжаттарын бекітеді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Ғылым министрлігі - Ғылым академиясын барлық органдар мен ұйымдарда білдіреді; өз құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.06.13. N 972 қаулысымен. Р 9 7 0 9 7 2 _

12. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының орталық аппараты Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының қызметін қамтамасыз ететін департаменттер мен құрылымдардан тұрады.

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының құрамында Ұлттық аэроғарыш агенттігі мен Атом энергиясы жөніндегі агенттік өз қызметін жүзеге асырады.

13. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясында елдің ғылыми-техникалық саласындағы маңызды проблемаларды, ағымдағы қызметтің негізгі мәселелерін шешу үшін Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінен (алқа төрағасы), департаменттер мен агенттіктердің басшыларынан, сондай-ақ Ғылыми бөлімшелердің хатшы академиктерінен, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының басқа қызметкерлерінен тұратын алқа құрылады. Алқаның үштен бірін Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті 1996 жылдың 11 наурызға дейінгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының толық мүшелері есебінен қалыптастырады.

Алқаның сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Алқа туралы ережені және оның жеке құрамын Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті бекітеді.

14. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанында болжамдар мен

ғылым мен техниканы дамытудың мемлекеттік басымдықтарын әзірлеуге жауапты жоғары ғылыми-техникалық кеңес жұмыс істейді, оны Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті басқарады.

Жоғары ғылыми-техникалық кеңес туралы ережені және оның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

15. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының құқықтық мұрагері ретінде осы академиялардың толық мүшелерін (академиктерді) және корреспондент мүшелерін біріктіреді.

Толық мүшенің (академиктің) негізгі міндеті ғылымды жаңа жетістіктермен және жаңалық ашулармен байыта түсу, бірінші дәрежелі ғылыми маңызы бар зерттеулерді жүзеге асыру, ғылыми зерттеулердің ауқымы мен деңгейі үшін жауап беру, өзі сайланған бағытта ғылыми кадрларды әзірлеу мен ғылыми мектептерді қалыптастыруға тікелей қатысу болып табылады.

Толық мүшелер (академиктер):

Толық мүшелерді (академиктерді) сайлайды;

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 наурыздағы N 2895 U962895_ Жарлығының 2-тармағына сәйкес Ғылым министрі - Ғылым академиясының президентін тағайындауға өз келісімдерін береді;

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы алқасының және Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Жоғары ғылыми техникалық кеңестің құрамына толық мүшелерінің (академиктердің) кандидатураларын ұсынады.

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы бекітетін Толық мүшелер (академиктер) туралы ережеге сәйкес басқа функцияларды жүзеге асырады.

16. Академияның толық мүшелерінің (академиктердің), корреспондент мүшелері мен жетекші ғалымдарының жалпы жиналысы:

Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың маңызды мәселелерін талқылайды, жаратылыстану, техника аграрлық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі зерттеулердің негізгі бағыттары мен басымдықтарын айқындап, олар бойынша ұсыным шешімдер қабылдайды;

академияның толық мүшелерін (академиктерді) сайлайды;

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының президенті бекітетін Жалпы жиналыс туралы ережеге сәйкес басқа мәселелерді қарайды.

17. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы белгіленген тәртіппен білім салалары бойынша ғылыми бөлімшелер құрады.

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының ғылыми бөлімшесі Ғылыми

зерттеу институттарының және басқа да ғылыми ұйымдардың іргелі зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіретін және толық мүшелерді (академиктерді), корреспондент мүшелер мен жетекші ғалымдарды өздерінің ғылыми бейініне қарай біріктіретін ғылыми-ұйымдастырушы орган болып табылады.

Өз қызметінде ғылыми бөлімше Академияның толық мүшелерінің (академиктердің), корреспондент мүшелері мен жетекші ғалымдарының Жалпы жиналысының, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының алқасы алдында жауапты және оларға есеп береді.

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының ғылыми бөлімшесі туралы ережені Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті бекітеді.

18. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары, орталықтары, обсерваториялар, ботаникалық бақтар, зерттеу экспедициялары мен станциялары, конструкторлық-технологиялық ұйымдар, тәжірибе станциялары мен өндірістері, баспалар, кітапханалар, архивтер, мұражайлар, ғылыми-көмекші кәсіпорындар және басқа да ұйымдар, сондай-ақ қызметкерлердің қажетті еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайларын қамтамасыз ететін әлеуметтік сала мекемелері ведомстволық бағыныста болады.

Ведомстволық бағынысты ұйымдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен бекітеді.

19. Аймақтық ғылыми бөлімшелер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттары және Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының белгіленген тәртіппен құрылған басқа да ұйымдары заңды тұлғалар болып табылады.

20. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін міндетті шешімдер қабылдайды. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы қабылдайтын шешімдер Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің бұйрықтарымен ресімделеді.